

Жек дуадақтарды аулауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 9 қазан N 1101

"Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 P000969_ қаулысына сәйкес және жек дуадақты 2002 жылы табиғаттан алуға биологиялық негіздемеге арналған 2002 жылғы 23 тамыздағы N 1-07-336а мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1 . М ы н а л а р ғ а :

1) шейх Халифа Бин Заидқа (Біріккен Араб Әмірліктері) шаруашылық қызметтің реттелетін режимі бар Кендірлі-Қаясан республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағының аумағын қоса алғанда, Маңғыстау облысында 100 жек дуадақты;

2) шейх Сурур Бин Мұхаммадқа (Біріккен Араб Әмірліктері) Қарақтау және Арыс республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағы (Оңтүстік Қазақстан облысы) шекараларының шегінде, шаруашылық қызметтің реттелетін режимі бар аумақтарда 80 ж е к д у а д а қ т ы ;

3) бекзада Абдель Азиз Бин Ахмед Бин Абдель-Азиз Әл Саудқа (Сауд Арабиясы Корольдігі) шаруашылық қызметтің реттелетін режимі бар Жусанды дала республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағының аумағын қоса алғанда, Жамбыл және Алматы облыстарында 40 жек дуадақты 2002 жылғы 10 қазан - 30 қараша кезеңінде өз ителгілерімен аулауына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті:

1) белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген адамдарға жек дуадақтарды аулауға рұқсат берсін;

2) ителгімен саятшылық құруды ұйымдастыру және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 P000969_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереженің орындалуын қамтамасыз е т с і н ;

3) "Охотзоопром ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсетілген Ереженің 8-тармағына сәйкес қызметтер көрсетуін және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Зоология институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен бірлесіп, оларды табиғаттан алуды жүзеге

асыратын шетелдік азаматтармен шарттық негізде жек дуадақтың өсімін қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етсін;

4) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп, ителгімен саятшылық жүргізілетін жерлерде жоғары мәртебелі қонақтар мен олардың қызметкерлері топтарын күзетуді және бірге жүруді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасындағы СИТЕС-тің әкімшілік органымен, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, ителгімен саятшылық құру үшін жыртқыш қыран құстарды Қазақстан Республикасына әкелу мен одан әкетуді

Жойылу қаупі төнген жабайы жануарлар мен өсімдіктер дүниесі түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның рәсімдерін сақтай отырып, қамтамасыз етсін.

4. Маңғыстау, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері көрсетілген іс-шараларды ұйымдастыруда қажетті жәрдем көрсетсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.